

Баспасөз релизі

**«Қазақстан Халық Банкі» АҚ басшылығының
Семей өңірлік филиалы жаңа офісінің ашылу салтанатына
қатысуы туралы**

2013 жылғы 26 маусым

Қазақстан Халық Банкі мен Шығыс Қазақстан облысы басшылығының қатысуымен еліміздегі байырғы қаржылық мекеменің 90 жылдық мерейтойына орай іс-шаралар шеңберінде Банктің Семейдегі өңірлік филиалының жаңа ғимаратын ашу салтанаты өткізілді.

Өңірлік филиалдың жаңа ғимаратын ашуға арналған салтанатты рәсімге Қазақстан Халық банкі Банк басқармасы төрағасының орынбасарлары Альменов Марат Беркутбаевич, Кособоков Станислав Сергеевич, Карпыкова Алия Сакеновна, Шығыс Қазақстан облысының әкімінің орынбасары Омар Жақсылық Мұқашұлы, Семей қаласының әкімі Кәрімов Айбек Мұталапханұлы, бұқаралық ақпарат құралдарының өкілдері және қала тұрғындары қатысты.

Банктің өңірлік филиалының жаңа ғимаратының құрылысы филиалдар желісін дамытуды және филиалдардың материалдық-техникалық базасын нығайтуды қамтамасыз ету бағытындағы басымды міндеттерді жүзеге асырудың бір көрінісі болып табылады. Семейдегі филиал кеңсесінің құрылысы 2012 жылдың мамыр айында қолға алынған болатын, құрылысты іске қосу қысқа мерзімде – бір жылдың ішінде аяқталды. Құрылыс жұмыстары халықаралық стандарт талаптарына сәйкес жүргізілді. Өңірлік филиалдың бас кеңсесінің жалпы аумағы 4 мың шаршы метрден асатын алаңды құрайды. Мұнда әкімшілік корпуспен қатар, айына 5 мыңнан астам адамға қызмет көрсете алатын, кредит беру бойынша айналымның орташа айлық көрсеткіші шамамен 150 млн. теңгеге жететін Дербес сервис орталығы (ДСО) орналасқан. Клиенттерге ыңғайлы болу үшін ғимараттағы қызмет көрсету аймағының алаңы артып, кассалық кабиналар саны ұлғайтылды, 2 банкомат орналастырылды.

- Халық банкінің бөлімшелерімен еліміздің барлық өңірі қамтылған. Сондықтан біз жергілікті билік органдарымен, атқарушы әкімшілікпен серіктестік қарым-қатынас орнатуды басты назарда ұстаймыз. Тек Семейдің өзінде Халық банкі әлеуметтік жобаларға қолдау жасауға, оның ішінде мәдениет пен спортты дамытуға, білім беруге, халықтың әлеуметтік тұрғыдан аз қорғалған бөлігіне көмек көрсетуге бағытталған бірқатар жобаны қаржыландырып отыр, - деп атап өтті салтанатты рәсімде сөйлеген сөзінде басқармасы төрағасының орынбасары Альменов Марат.

Жыл басынан бері Банктің биылғы 90 жылдық мерейтойы шеңберінде Қазақстанның барлық өңірінде маңызды әлеуметтік-экономикалық жобаларға қолдау көрсету мақсатында әрі атаулы күндерге орайластырылып жеті түрлі іс-шара ұйымдастырылды, оның ішінде мұз айдындарында тегін сырғанау, музейлерге тегін бару, Наурыз тойын, Жеңіс күнін атап өту сияқты кең көлемді акциялар мен ауқымды спорттық шаралар болды.

Бұл күндері Банк еліміздің 21 ірі қаласында «Халықтық сыйлық» акциясын өткізуді қолға алды, оның аясында бұл қалаларда бүгінгі заман талабына сай келетін ресейлік өнім - балаларға арналған спорттық-ойын алаңдары орнатылуда. Осындай балалар алаңының бірін (құны екі миллионнан асады) Семей қаласындағы шағын аудандардың бірінде орнатты.

«Қазақстан Халық Банкі» АҚ Семей өңірлік филиалы еліміздің шығыс өңіріндегі халыққа кредит беру, есеп айырысу-кассалық қызмет көрсету нарығында, жеке тұлғалар мен заңды тұлғалар депозиттері, төлем карточкалары, валюта айырбастау операциялары және басқа да банктік өнімдер бойынша жетекші орында келеді. Өңірлік филиал мен оның құрамына кіретін 8 аудандық басқарма Семей қаласының және өңірдегі 8 ауданның (Абай, Аягөз, Бесқарағай, Бородулиха, Жарма, Курчатова, Тарбағатай, Үржар) тұрғындарына қызмет көрсетеді. Филиалдың қызметін осы өңірдегі 79 мыңға жуық зейнеткер (өңірдегі үлесі – 58,2%), мыңнан астам бюджеттік ұйым және 450-ге жуық шағын және орта бизнес субъектілері

пайдаланады. Бүгінгі күні осы өңірде орнатылған Банк банкоматтарының саны 81 бірлікті құрайды, оның 33-і аудандарда қызмет көрсетеді. Қаладағы және аудандардағы есеп айырысу-кассалық бөлімшелерде 18 банктік терминал орнатылған. Түрлі бөлімшелердегі, сауда-сервис пунктеріндегі POS-терминалдар саны 96 бірлік болып отыр. Банктің осы өңірдегі 7 қалалық бөлімшесі және аудандық басқармаларының барлығы клиенттерге жылдам әрі ыңғайлы қызмет көрсетуге мүмкіндік беретін, швециялық «NEMO-Q» компаниясының электрондық кезек жүйесімен жабдықталған.

«Қазақстан Халық Банкі» АҚ
Баспасөз қызметі
тел. (727) 2 590 816
www.halykbank.kz